

# АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

29 маусым 2022 ж.

№4/1

Атырау қаласы

## «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында 2021 жылы және 2022 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 бабына сәйкес, Атырау облысының Қоғамдық кеңесі №3 отырысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында 2021 жылы және 2022 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Е.Досановтың баяндамасын тыңдап, талқылап, облыстық қоғамдық кеңес **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Е.Досановтың баяндамасы қаперге алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментіне (Е.Досанов):

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы аясында жұмыстарды жалғастыру;

2) «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде институционалдық - құқықтық негізді қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға азаматтық қоғам өкілдерін мейлінше көптеп тарту;

3) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында превенциялық шаралардың тиімділігін арттыру;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – мамандар нарығын дамыту, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтерінің жұмысының тиімділігін, олардың сыбайлас жемқорлықпен күрестегі ролін арттырып, шынайы құралға айналдыру;

5) Әлеуметтік желідегі сыбайлас жемқорлықтың фактілері туралы жарияланымдарға тұрақты түрде мониторинг жүргізу;

6) Мемлекеттік сатып алу процесіндегі сыбайлас жемқорлық қатерлеріне бақылауды күшейту;

7) Мемлекеттік және квазимемлекеттік органдарда және «Атырау - Жарық», «ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторинг жұмыстарын жүргізу;

8) Мемлекеттік, квазимемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы сенім жәшіктеріне түскен өтініштерді қарауды азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, ашу мәселесі бойынша орталық аппаратқа тиісті ұсыныстарды енгізу ұсынылсын.

**3. Облыстық білім беру басқармасына (А.Дүйсекенова), Денсаулық сақтау басқармасына (А.Байдубалиев), Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына (М.Дәулетбаева)**

1) Орта білім беру ұйымдарында, кәсіптік – техникалық ұйымдарында, балабақшаларда және жоғары оқу орындарында, денсаулық сақтау және мәдениет саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау үшін үнемі мониторинг жұмыстарын жүргізу, құқық бұзушылық анықталған жағдайда тиісті органдарға хабарлау;

2) «INDIGO» автоматтандырылған сервисінің жұмысына наразылық туындауына байланысты, аталған жүйенің ашық және халыққа қолжетімді болуы үшін Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрлігіне тиісті ұсыныстарды енгізу (А.Дүйсекенова);

3) Орта білім беру, кәсіптік – техникалық колледжерде және балабақшаларда сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін әр 7 жыл сайын ротация жұмыстарын жүргізу ұсынылсын (А.Дүйсекенова);

**4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық бақылау, құқық қорғау мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы (А.Иманғалиев):**

1) Мемлекеттік және квазимемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу бағытында құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, комиссия мүшелерімен бірігіп, жартыжылдықта бір рет мониторинг жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

5. Осы ұсынымдарды қарау нәтижесі туралы Заңмен белгіленген мерзімде кеңес хатшылығына хабарлау ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



*М.Избасов*

М.Избасов